

Жетісай

Zhetysai.kz ★ №32 (9371) 14 тамыз, жұма 2026 жыл

★ Jetisay-gazet@mail.ru

АПАТТЫ ҮЙДІҢ ОРНЫНА ЖАҢА БАСПАНАЛАР БЕРІЛДІ



Жетісай қаласында жылдар бойы тұрғындарды алаңдатып келген апатты үйлер мәселесін шешу бағытындағы маңызды жұмыстардың бірі өз нәтижесін берді. Жетісай ауданының әкімі Серік Үсенұлы Мамытов М.Әуезов көшесіндегі реновация бағдарламасына ұсынылған №27 және №29 тұрғын үйлердің тұрғындарына жаңа пәтерлердің кілтін табыстады.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар қос қабатты бұл үйлер 1954–1957 жылдары салынған. Көп жылдар бойы күрделі жөндеу көрмеген тұрғын үйлер соңғы жылдары әбден тозып, апатты жағдайға жеткен. Ғимараттардың қабырғалары жарылып, сылақтары түскен, шатырлары мен едендері жарамсыз күйге түскен. Мұнда тұратын 16 отбасының қауіпсіздігі мәселесі күн тәртібіне шыққан болатын.

Тұрғындардың жағдайын жан-жақты

зерделеген аудан басшылығы мен аудандық мәслихат депутаттары мәселені шешудің нақты жолдарын қарастырып, нәтижесінде апатты үйлердің тұрғындарын жаңа баспанамен қамтамасыз ету туралы шешім қабылдады.

Өткен жылы жаңа тұрғын үйдің құрылысы басталып, құрылыс жұмыстары жүргізілген кезеңде тұрғындар уақытша жалдамалы пәтерлерге орналастырылды. Олардың жалдау ақысы мемлекет есебінен төленді. Бүгінде құрылыс жұмыстары аяқталып, 16 отбасы үшін жаңа әрі жайлы пәтерлердің есігі айқара ашылды.

Жаңа баспана кілтін табыстау рәсіміне аудандық мәслихат төрағасы Медет Қасымов, аудан ақсақалдары мен тұрғындар қатысты.

Салтанатты шарада аудан әкімі Серік Үсенұлы тұрғындарды қуанышты оқиғамен құттықтап, бұл жұмыстардың басты мақсаты – азаматтардың қауіпсіз әрі жайлы

өмір сүруіне жағдай жасау екенін атап өтті. «Біз өздеріңізбен ақылдаса отырып, бұл мәселені оңтайлы шешудің жолдарын қарастырдық. Өткен жылы жаңа тұрғын үйдің құрылысын бастадық. Бүгін, міне, көптен күткен қуанышты сәтке бірге жетіп, жаңа пәтерлердің кілтін табыстап отырмыз. Жаңа баспаналарыңыз құтты болсын! Әр шаңыраққа береке, бақ-дәулет тілеймін! Бұл үйлерде балалардың күлкісі естіліп, әр отбасының тұрмысы жақсара берсін», – деді аудан әкімі.

Жаңа баспанаға ие болған тұрғындар

қорытындысымен бұл көрсеткіш 2,1 есеге артып, тұрғын үй кезегінде тұрған 240 азамат баспаналы болған.

Бүгінде 50 мыңға жуық тұрғыны бар Жетісай қаласында 133 көппәтерлі тұрғын үй бар. Оларда 1500-ге жуық азамат тұрады. Қаланың тұрғын үй қорын жаңарту, көппәтерлі үйлердің жағдайын жақсарту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кондоминиум нысандарын жаңғыртуға қатысты бірқатар мәселе



да қуаныштарын жасыра алмады. Бірнеше жыл бойы апатты үйдің мәселесін арқалап келген отбасылар үшін бұл күн – көптен күткен арманның орындалған сәті.

Жетісай ауданында тұрғын үй мәселесін шешу бағытындағы жұмыстар мұнымен шектелмейді. Мәселен, 2022 жылы ауданда 14 208 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, өткен жылдың

шешімін табуда. Қазіргі таңда мемлекеттік актісі алынған 71 көппәтерлі тұрғын үйдің 44-іне оң қорытынды берілген. Сонымен қатар, 18 үйге жерге орналастыру жобасы әзірленген.

Алдағы уақытта тиісті талаптарға сәйкес аудан орталығындағы көппәтерлі тұрғын үйлерді кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізу көзделіп отыр.

АУДАННЫҢ ДАМУЫ АҒА БУЫННЫҢ АҚЫЛЫМЕН АЙҚЫНДАЛАДЫ

Жетісай ауданының әкімі Серік Үсенұлы Мамытовтың бастамасымен өткен «Аға буын аманаты – ел дамуының темірқазығы» атты тағылымды кездесуде елдің бірлігі мен ауданның өркендеуіне үлес қосып жүрген ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері бас қосты. Е р к і н ф о р м а т т а ұйымдастырылған жүздесуге аудандық мәслихат төрағасы Медет Қасымов пен аудандық ішкі істер басқармасының бастығы Мұрат Ермеков, аудан прокуроры Мырзахмет Өтегенов пен бірқатар бөлім басшылары, БАҚ өкілдері қатысып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ауданның бүгінгі тынысы мен ертеңгі даму бағытын саралауға мүмкіндік берді.

Кездесу барысында соңғы жылдары ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытындағы жұмыстар жан-жақты таныстырылып, жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салалардағы оң өзгерістер туралы баяндалды.



Сонымен қатар, атқарылуы жоспарланған маңызды жобалар мен басым бағыттар таныстырылды.

Жиында тек жетістіктер ғана емес, тұрғындарды толғандырып жүрген өзекті мәселелер де ашық айтылды. Әсіресе, аграрлы аудан үшін білікті ауыл шаруашылығы мамандары мен техникалық бағыттағы кадрлардың тапшылығы, жас ұрпақ тәрбиесі, әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігі,

медицина қызметінің сапасы мен білім беру саласының бүгінгі жай-күйі кеңінен талқыланды.

Ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері өздерінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, ауданның дамуына қатысты бірқатар ұсыныстарын айтты. Жастардың еңбекке деген жауапкершілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ауылдағы кадр тапшылығын шешу, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту бағытындағы пікірлер ерекше қолдау тапты.

Кездесу барысында қойылған сұрақтарға аудан әкімі нақты жауап беріп, көтерілген ұсыныстардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын атап өтті.

Серік Үсенұлы өз сөзінде ауданның тұрақты дамуы халық пен биліктің өзара сеніміне, аға буынның ақыл-кеңесі мен жастардың жігеріне негізделетінін айтып, ардагерлердің қоғамдағы орны әрдайым ерекше екенін жеткізді. Сондай-ақ, елдік мәселелерде олардың өмірлік тәжірибесі мен парасатты пікірі қашанда маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, бүгінде қоғамдық жұмыстардан шет қалмай, ел бірлігі мен саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді нығайту жолында белсенділік танытып жүрген бірқатар ардагерлерді Алғыс хаттармен марапаттаған аудан басшысы ықытарына шапан жауып, ел игілігі жолындағы еңбектеріне шынайы ризашылығын білдірді.

«Бүгінгі мазмұнды жүздесу өзара сенімге негізделген ашық диалогтың жарқын үлгісі ғана емес, аға буынның аманаты мен өмірлік тәжірибесінен сабақ алу, ауданның даму жолында маңызды бағдар ретінде қолдану», – деді аудан әкімі.

Б.НАЙМАНОВ.